

# ЭКОЛОГИЯ



# Экологияның ластануы



# Әлемнің экологиялық проблемалары

Жиырманшы ғасырдың ортасынан бастап ғылым мен техниканың жедел дамуына байланысты, яғни ауыл шаруашылығын химикаттау, көліктердің көбеюі, өндіріс орындарымен фабрикалардың экологиялық нормаларды сақтамай жұмыс істеулерінің салдарынан қоршаған ортаның адам баласына, жалпы тірі организмдерге жағымсыз әсерлері арта бастады.



## Экология ғылымының даму кезеңдері



### I кезең

Адамның пайда болуы  
Қоршаған ортаны танып білу  
XIX ғасырдың 60 жылдарына дейін



### II кезең

Экология жеке ғылым саласы  
Экологиялық ұғымдар мен қағидалар шықты  
XIX ғ. соңы мен XX ғ.-дың 50 жылдары



### III кезең

Экология ғылымының жаңа салалары  
Экология – кешенді ғылымға айналды  
XX ғасырдың екінші жартысы мен қазіргі уақыт

Экология биологияның саласы ретінде ХІХғ. ортасында пайда болғанмен, *жеке ғылым ретінде ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басында қалыптасты.*

ІХ-ХV ғғ.қазақ топтарынан шыққан ғұлама ғаламдар Әл-Фараби,Қожа Ахмет Ясауи, М.Қашқари табиғат, қоғам, адам дамуының зағдылығын, біртұтастығын,өзара байланыстылығын ғылыми еңбектерінде талдау жасаған.

Сонымен қатар, ағартушылар Ш. Уәлиханов,  
Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев  
шығармаларында табиғат  
құбылыстарын, оның әсем көріністері  
“табиғат адам” қарым-қатынасымен  
байланыстыра қарастырған.



Экология тірі ағзалардың бір-бірімен және қоршаған ортамен қарым-қатынасын зерттейтін биология ғылымының саласы. «Экология» (гр. oikos – үй, тұрақ, мекен; logos — ғылым) терминін ғылымға алғаш 1866 ж. неміс ғалымы Эрнест Геккель енгізді. Экологиялық зерттеу объектісіне биологиялық макрожүйелер (популяция, биоценоз, экожүйе) және олардың кеңістіктегі динамикалық өзгерістері жатады.

XVIII ғ.соңы мен XIXғ. басында қоршаған ортаны зерттеушілер саны арты түсті.

1807ж. Гумбольд Орталық және Оңтүстік Америкада аумақтарында жүргізген зерттеулерін «Өсімдіктер географиясы туралы ойлар » еңбегінде жариялады.

«Экология » терминін ғылымға алғаш рет 1866ж. дарынды неміс *Эрнест Геккель* енгізді.



«Экология» гректің oikos- үй және logos- ғылым сөзінен шыққан, яғни дәлме – дәл мағынасы экология – «өз үйіндегі ағзалар».

*Экология* – организмдердің тіршілік ету жағдайларын және организмдер мен олардың тіршілік ету ортасы арасындағы өзара байланыстарды зерттейтін ғылым – деп аталады.

- **Экологиялық мәдениет**— жалпы дүние-жүзілік мәдениеттің дамуының бір кезеңі және құрамдас бөлімі; адамзаттың өмірі мен болашақтағы дамуында экологиялық проблемалардың өзекті маңыздылығын баршаның тереңінен кәміл ұғынушылығымен сипатталады. Қоршаған ортаға немқұрайдылықпен қараудың күйінішті тәжірибесі, химиялық ластанудан, шудан, дірілдерден, электрмагниттік соулеленуден, радиациядан және т.б. болған ауруларды зерделеу экологиялық мәдениет және санитариялық мәдениет ұғымдарын біріктіре ұғыну қажет екенін түсінуге себеп болды. Жалпы мәдениеттің бұл маңызды құрамдас бөлімдері өзара тығыз байланысты, сондықтан адамның атмосфера ауасына, табиғи суларға, жердің топырақ жамылғысына, өсімдіктер мен жануарларға қатысты шаруашылық және тұрмыстық қарекетінің санитариялық-экологиялық тұрғыдан мақсатқа сай болуын талап етеді